

**«Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі» КМКК мекемесінде жүргізілген
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық
анықтама жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы
бойынша 2025 жылдың жай - күйі туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА.**

06.05.2025

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің директоры Г.Абенованың 04.04.2025жылғы №32 бұйрығына сай, ағымдағы жылдың 07 сәуір айымен 06 мамыры аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және комиссия құрамын құру туралы.

«Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау төмендегідей жұмыс тобымен жүргізілді:

1. Абенова Гульфара - колледж директоры.
2. Абдрахманова Алмагул - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
3. Бопасова Гаухар - директордың тәрбие жөніндегі орынбасары.
4. Икембаева Гулшат – математика пәні оқытушысы, кәсіподақ төрайымы
5. Муханбетжанова Жанаргул - кадр жөніндегі инспектор.

«Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында қолданылатын нормативтік құқықтық актілер:

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы №416–Ү ҚРЗ Заңы
2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» 2001 жылы 23 қаңтардағы №148 Заңы.
3. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік – рәсімдік – процестік кодексі» 2020 жылғы 29 – маусымдағы №350 – ҮІ ҚРЗ Кодексі.
4. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 – шілдедегі №319 Заңы.
5. «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылымы туралы» 1993 жылғы 8 – желтоқсанындағы №2572 – XII Заңы.
6. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 – желтоқсанындағы №120 – ҮІ ҚРЗ Кодексі.
7. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» 2008 жылғы 4 желтоқсанындағы №95-IV ҚРЗ Кодексі.
8. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұжымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» 2015жылғы 31желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1193 қаулысы.
9. «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іс – сапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырындағы №25 қаулысы.
10. «Мемлекеттік Бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 – тмыздағы №1127 қаулысы.
11. «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге пилоттық режимде еңбекақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №939 қаулысы.
- 12 «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі» 2015 жылғы 29 қазандағы N375-V- ҚРЗ.
13. «Қазақстан Республика-ның Еңбек кодексі» 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ.

Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің ұйымдастырушылық басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша:

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы жалпы штат саны 79 бірлікті құрайды, қазіргі таңда бос лауазымға әлеуметтік педагог және директордың акпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары лауазымына конкурс жарияланды. Әлеуметтік педагог лауазымына 1 құжат тапсырылып, дипломы сәйкес келмегендіктен жұмысқа қабылданбады. Директордың акпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары лауазымына құжат тапсырушы болмады.
2. Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің келесі құрылымдық бөлімшелер жұмыс істейді: басшы мен басшы орынбасарлары, мамандар - профессионалдар, мамандар-техниктер, басқа көмекші кәсіби персонал, әкімшілік қызметкерлер, оқытушылар.
3. Мүдделер қақтығысын реттеу аясында ағымдағы 2025 жылдың жағдайы бойынша мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.
4. Бақылау функцияларын іске асыру бойынша колледжде 2025 жылдың талдау нәтижесі бойынша құқықбұзушылықтар анықталған жоқ.
5. Колледждің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер кездескен жоқ.
6. Колледжге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері бойынша ешқандай құқық бұзушылық анықталмаған.
7. Бұқаралық акпарат құралдарындағы жарияланымдарда қызметкерлердің заңға қайшы іс – әрекеттері мен теріс қимылдарын әшкерлейтін материалдар жарияланған жоқ.
8. Колледж және қызметкерлер тарапына қатысты сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан ешқандай арыз, өтініштер түскен жоқ.
9. Прокурорлық қадағалау және сот актілері бойынша сыбайлас жемқорлық фактілері колледж тарапынан анықталған жоқ.

Қорытынды:

Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінің директоры Г.Абенованың 04.04.2025жылғы №32 бұйрығына сай, ағымдағы жылдың 07 сәуір айымен 06 мамыры аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді және комиссия құрамының тексерісі нәтижесінде Индер көп бейінді ауыл шаруашылық колледжінде ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

1) Білім мәселесіне қатысты арыз-шағымдарға уақытылы және сапалы жауап беру, білім сапасына қатысты ағарту, түсіндіру жұмысын халық арасында БАҚ арқылы жандандыру.

2) Білім сапасын дамыту мәселесі бойынша шаларды ұйымдастыру, түсіндіру жұмыстарын жандандырып, орындалысын назарда ұстау.

3) Құжаттарды толтыру, актілер мен келісім шарттарды жасақтау кезінде қолданыстағы заңнамаларды басшылыққа алып, заң аясында жұмыстар жасау.

4) Жеке және заңды тұлғалардың өтініш, арыздарын жан – жақты қарап, уақтылы тиісті шараларын алуды қамтамасыз ету.

Жұмыс тобы мүшелері:

1. Колледж директоры
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3. Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары
4. Математика пәні оқытушысы, кәсіподақ төрайымы
5. Кадр жөніндегі инспектор



Г.Абенова
А.Абдрахманова
Г.Бопасова
Г.Икембаева
Ж.Муханбетжанова